

Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округіндегі Воробьев ауылында "Айдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округ әкімінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 шілдеде № 6528 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округі әкімінің 19.07.2016 № 2 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасын 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 31 мамырдағы № 48 ұсынысы негізінде, жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, Димитров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округіндегі Воробьев ауылында "Айдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында ауыл шаруашылық малдарының бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алтынсарин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдану ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 31 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Димитров ауылдық округінің әкімі

Б. Есетәев

"Алтынсарин ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А. Ергалиев

2016 жылы 23 маусым

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

"Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің

Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Ғ. Сейтханов

2016 жылы 23 маусым

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

тұтынушылардың құқықтарын

қорғау комитетінің Қостанай

облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау

департаментінің Алтынсарин

аудандық тұтынушылардың

құқықтарын қорғау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысының

міндетін атқарушы

_____ Д. Кауменов

2016 жылы 23 маусым